

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/AYCE5658>**С. Т. Елікпаев, Б. Қ. Қапасова**

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

Қ. П. МӘШҮР-ЖҮСІП ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ – ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ МЕН ПАЙЫМ

Мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Пазылұлы Мәшүр-Жүсіптің ғылыми еңбектері талданған. Ғалым еңбектерінің басты ерекшеліктері қазақ лирикасындағы көркемдікті ашуымен айқындалады. Бұл ретте қазақ әдебиеттану ғылымының 1960 жылдардан кейінгі зерттеулері назарға алынуы керек. Бай қазақ лирикасының тектік белгілерінің негізі нақтыланғанымен де көркемдік сипаттары туралы ғылыми ой мен көзқарастарда әлі де зерттеулер қажеттігі осы – жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарынан кейінгі кезеңде анық байқалды. Қуандық Пазылұлы ғылыми еңбектерінде қазақ лирикасындағы көркемдік бейне мен стиль ерекшеліктері туралы теория бір жүйеге келтірілді.

Мақалада ғалымның қазақ лирикасындағы орны бөлек зерттеулері туралы айтылады. Әсіресе, ғалымның терең қаралып, қордалы ойымен ерекшеленер еңбегінің бірі – «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» деп аталатын монографиясы. Бұл – жетпіс жылғы саясат сергелдеңінен кейінгі қазақ әдебиетінің орны бөлек мұрасы – лирикасын ұлт мүддесін тұрғысынан зерделеген еңбек болуымен артық.

Зерттеуде 1989 жылдың желтоқсанында ақталған Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы туындылары, әдебиет талдауы назарына ілінбей келген Мәшүр-Жүсіп Көпейұлы шығармалары алғаш рет талданса, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин шығармалары тәуелсіз әдебиет тұрғысында, егемен ел зерттеушісі ой-пайымымен қарастырылады. Қазақ лирикасындағы әдіс пен тәсілдің ара-жігі ашылады. Әдебиеттегі көркемдік бейненің жасалуын, тегін анықтап көрсетеді. Осы тұста дәстүр сабақтастығы мен ой жалғастығына да мән беріледі. Бұл 20-ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі лирика жанры арқылы, осы кезең туындыларын материал ретінде ала отырып, бейнелілік пен стиль туралы әдебиет теориясына қажет ойларды тұжырымдайды. Мақала авторлар

ғалымның еңбектерінен қазақ лирикасына қатыстыларын алып талдайды. Бұл ретте Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп ғылыми еңбектері алты топқа жіктеліп көрсетіледі. Осы топтар арқылы ғалымның қазақ лирикасындағы бейнелілік, автор ұстанымы, қоғаммен қатынас, көркемдік, стиль т.б. теориялық мәселелер туралы ой нақтылана түседі. Мақала әдебиет зерттеушілеріне, филология, гуманитарлық сала мамандарына арналған.

Кілтті сөздер: ғалым, ғылыми еңбек, әдебиет, лирика, бейнелілік, стиль, көркемдік, өлең, кезең, ерекшелік.

Кіріспе

Қазақ әдебиеттануын зерттеу 1960 жылдардан бастап өзгеше қарқын алды. Сонымен бірге бұл кезеңдерде әдебиеттің сырын ашуға сөздің мәнін ғана емес мәйегін ұғатын, терең талдау жасай алатын ғана емес, өздері де шығармашылық қабілеттері зор зерттеушілер легі келді. Бұл ұрпақтың алдында қазақ әдебиетінің мол қазынасын жинақтау, жүйелеу және оны теориясын нақтылау мақсат-міндеттері тұрды. Сонымен бірге тар қыспақты кеңестік жүйенің талаптарын да айналып өте алмады. Бірақ әдебиетті ардың ісі деп ұққан бұл кезең ғалымдары «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» әдебиеттің ұлттық өнер туындысы екендігін әдебиеттің сынымен де, тарихын зерттеуімен де, теориясын жүйелеуімен де дәл жеткізді.

Зерттеудің нысаны: ғалым-зерттеуші лабораториясы

Зерттеудің пәні: қазіргі қазақ әдебиеті

Зерттеудің мақсаты: қазақ әдебиеттануындағы көрнекті ғалым Қ. Мәшһүр-Жүсіптің еңбектеріндегі тәуелсіз ұлттық зерттеудің маңызын ашу.

Міндеттері:

- ғалым еңбектерінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы орнын көрсету;
- ғалым еңбектеріндегі қазақ лирикасының белгілерін анықтауға арналған ойларының мәнін, артықшылығын анықтау;
- тәуелсіз қазақ әдебиеттану ғылымы үшін ғалым еңбектерінің қажеттілігін айқындау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі: әдеби талдау әдісі қолданылды.

Қазіргі жаһандық өзгерістер тұсындағы лирикадағы ұлттық белгіні ашу – елдік қалыпты, қасиетті сақтаудың негізі ретінде зерттелу қажеттігіне назар аудартылады. қалыптастыру мақсаттарын орындауда әдебиеттің орны өзгеше.

Әрбір әдебиет зерттеушісі өз заманының тұлғасы. Бұл қалау мен қаламауға бағынбас тағдыр. Әртүрлі ұлт басындағы жағдаяттар мен оқиғалар өз ғалымдарын сергелдең мен сенделіске әкеліп, адам жанын жалаулы я жағасыз кезеңнің сынағына салып кейде ширықтырып шыңдап, кейде шытынаттып барып шыңырау сөзге, оюлы ойға айдын салары анық.

Кәсіби ғалымның орнын толтыру қайта қалыпқа келмес ойсырау. Еуропаның алдыңғы қатарлы елі Франция осындай күнді басынан кешті. 1785 жылы 48 тұрақты мүшесі (академик) болды. 1785 тің қазан 1795 жылға дейін 20 адам қайтыс болды, соның ішінде оны террордан көз жұмды. Ж.-С. Байи (1793 жылдың 12-і қазаны), Ж.-Б. Бошар де Сарон (1794 жылдың 20-і сәуірі) осындай көптеген ғалымдардың өлтірілуі, бұған дейінгі алдыңғы қатардағы Француз мемлекетін мүлдем әлсіретіп, кейінгі елге айналдырды. [1, 7–11]. Бұған дейінгі Руссо, Монтескье секілді ірі азат ойлы ғалымдар қайта тумалы. Ғылым еркіндікпен дамитаыны қаперден шықты. Бодан ұлтты қазақ елі Кеңестік дәуірдің ашы дәмін аямай татты. Қазақ әдебиетінің жинаушысы Мәшһүр-Жүсіптер патша кезеңінде қуғынға түсіп, Кеңестік дәуірде атаусыз қалдырылды. А. Байтұрсынов секілді әдебиет зерттеушісі, теоретигі мүлдем атылып кетсе, Ж. Аймауытов, М. Әуезовтей кейінгі толқын ығыстырылды. Әсіре саясаттанған тұрпайы әдебиетке жол салынып ұлт құндылығы мансұқталды.

Реперессиядан әлсіреп шыққан соның ішінде ұлт әдебиетін зерттеу, талдау, ұлықтау секілді қажырлы еңбек елеусіз тартқанда тағы бір буын әдебиет майданына араласты. Бұл ұрпақ соғыстың салдарын көрген, жан тондырған, рух тоздырған толқын болатын. Аталған кезеңнің көрнекті өкілдері Е. Тұрсынов, М. Мағауин, С. Қасқабасов, Р. Нұрғалиев, М. Мырзахметов болды.

Бұған дейінгі қазақ әдебиетіндегі орны орасан Мәшһүр-Жүсіптей алтын қазыналы ауылдың немересі, шағатай тілді әдебиетті оқып жетілген терең білімді, алғыр ұғымтал мінезбен әдебиеттану ғылымына араласты. Соның ішінде лирика тектес көпқабатты, мол мұраны дендеп қарастыруды қолға алды. Қ. Пазылұлы бұған дейін зерттелуі болса да, саяси дәртеден шыға алмаған, сөз емес идеясын алдыға қойған саланы өзіне ғана емес, кейінгі шәкірттері үшін де негізгі нысана етіп алды.

Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп 60-жылдар қалыптасқан космополитті, кеңес идеологиясымен қалыптасқан «зиялы қауымнан» бөлініп шығып, ұлттың құндылығын ту еткен ғалымға айналды. А. Ф. Лосев өзінің «Философия имени» еңбегінде интелегенттер «соматилік тірі жандар» деген еді [2]. Аталмыш ғалымның «бос сөзді интеллигенті» емес, ұлт жоқшысы, сөз өнерін ұлықтаушы болып сара жолды тапты ғалым Қ. П. Жүсіп.

Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп – қазақ әдебиетіне 60 жылдар араласқан еңселі де ірі әрі қабырғалы ғалымдарымыздың бірі. М. Әуезовтің әңгімелерінен зерттеуден басталған соқпақ жол бүгінгі күндері соңынан сансыз шәкірт ерткен даңғыл жол, жібек жолындай қанат талар ұзақ та, тұяқ тозар мол да.

С. Қасқабасов, М. Мағауин, С. Әшімбаев, Т. Жұртбаев секілді ғалымдармен бірге бастау алған іргелі ғалым ойлары бүгінгі әдебиет ғылымында жеке мектеп, таныс тарауға айналды.

Ғалымның терең қаралып, қордалы ойымен ерекшеленер еңбегінің бірі – «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік». Бұл – жетпіс жылғы саясат сергелденінен кейінгі қазақ әдебиетінің маңғазды мұрасы – поэзиясы жөнінде жазылған ұлт мүддесін ту еткен нау еңбек.

Зерттеуде аты енді ғана жарық көрген Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр-Жүсіп көпейұлы туындылары алғаш рет талданса, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин шығармалары тәуелсіз әдебиет тұрғысында, егемен ел зерттеушісі биігінде талданады. XX ғасыр басында орыс, араб, еуропа әдебиетінде басымдық алған романтизм ағымының озық, бәйге алар орамы Мағжанда, Сәкенде болғаны айтылады.

Аз қазақта алтыға бөлген саясаттан ада, бұрын заты емес, аты бөлек аталар Мағжан, Сәкен туындылары еншілес қарастырады. Зерттеуші Алаштың екі ұлт ақынын тетелес талдайды.

«Романтизмнің басты ерекшелігі: күнделіктегіден мүлде бөлек, адамның айрықша, оқшау сезімдерін жырлаумен байланысты екендігі мәлім деп айтылғанда ақын басындағы оқшау хал ғылым тілімен түсіндіріледі. Бұл шарттарға сай жазылған – М. Жұмабаевтың «Сырым» өлеңі:

Күлсем егер, есім шығып күлемін,
Жылағанда, қап-қара қан төгемін.
Қасым болса, қанын ішкім келеді,
Досым болса, жолында оның өлемін.
Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін, жан-денесін бергенше.
Жан денесін бірдей алам, улаймын
Қысып сүйсем, құшағымда өлгенше.

Күлу мен жылаудың жеке өзі-ақ қарама-қарсы ұғымдар екені аян. Ал, мұнда әйтеуір бір күлу емес, есі шыға күлу, әншейін жылау емес, қап-қара қан төгерлік жылауға қарсы алынған. Ақын мұнымен де тоқталмайды, бастапқы ойын ширата түсіп, қарсы болса, қанын ішкісі келетін, досы болса, жолында өлуге даяр екенін мәлімдейді. Ал үзінді соңындағы әйел сүюі де шексіз құштарлыққа құрылған» [3, 22].

Мағжан поэзиясы қазақ әдебиетінің көп жоғын толтырып тұрғанын зерттеуші анық таныған. «Демек С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов тәрізді әріптестері өмірдің күнгеі жағын көбірек қызықтаса, назарсыз, жоқтаусыз қалып бара жатқан көлеңке тұсқа М. Жұмабаев көбірек үнілсе, мұның бәрі ақындардың біріндегі жокты екіншілері толықтыруға ұмтылуы деп түсінген жөн».

Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп өз зерттеуінде әр қаламгердің стилі жазу тілінде ғана емес, ойларында ғана емес, кейіпкер таңдауында да көрінерін қапысыз айтады. «Мысалы, С. Мұқановтың жағымды кейіпкерлері көбінесе

«Мөлдір махаббат» романынан басқа туындыларының бәрінде дерлік кедей табынан шыққан, коммунист партиясы ісіне берілген адам ретінде алынса, М. Әуезовтің ұнамды қаһарманы қашан да қай таптан шыққанына қарамастан (Мәселен, Абай, Әбіш т.б.), халқына қызмет еткен өнер адамы ретінде көрінеді. Рас, «Абай жолындағы» Әйгерім акын емес, бірақ оның есінен ол әнші, өлеңді, өнер атаулына жоғары бағалауымен ерекшеленеді. Бұл жазушының өнер сүюді бірінші кезекке қойғанын дәлелдесе керек. Б.Майлиннің ұнамды қаһармандары көбіне қақ-соқпен ісі жоқ, момын, еңбекші, адал да аңқаулау адам және әдеттегі қарапайым пенде болса (Бәкен, Азамат т.б.), С. Сейфуллинде ол өз қатарынан көп озық, алға шыққан белсенді күрескер ретінде оқшауланады («Қызыл сұңқардағы» Еркебұлан, «Тар жол тайғақ кешудегі» жазушының өз бейнесі, т.б.). Б. Майлинде жуастық немесе ақжарқындық – ұнамдылық белгісі ретінде көзге түссе, Т. Ахтанов аңқылдақ, ашық болып көрінушінің жексұрындығына («Боран» романындағы Қасболат), қатқыл, оғар тәрзідінің нағыз абзал адам екендігіне («Қаһарлы күндердегі» Ержан, Мұрат, «Борандағы» Қоспан т.б.) баса көңіл бөледі. Сондай-ақ лирика жанрында да Б. Майлиннің сүйікті қаһарманы көбінесе қатардағы еңбек адамы (мәселен, Мырқымбай т.б.) болып келсе, С. Сейфуллинде алға шыққан, ту ұстаған үздік күрескер батыр кең дәріптеледі. Ғалым еңбектері әдебиет тарихының белгілі бір кезеңін зерттеу арқылы әдебиеттің теориясына қатысты тұжырымды анықтамалық ойлар айтуымен де ерекшеленеді. Қазақ әдебиетіндегі ірі суреткерлердің кейіпкерлері жөніндегі тұшымды пікірді Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп ғана айтты.

Жазушы мен кейіпкер егіз екені де осында ескертілді. Флобер «Бовари ханым – мен» десе, М. Әуезов «Абай – мен» деп айта алады. М. Мағауин «Аласапыранның» соңғы беттерінде «менің Ораз – Мұхамбетім осылай өлді» дейді. Кешегі кеңес кезінде қаламгерге жұмысшы, қойшы, малшы бейнесін сомдатып әдебиеттің бағында түсіріп жіберген жоқпыз ба? Алпамысты, Қобыландыны айтар қазақ әдебиеті тым төмен, тар аяда қалған жоқ па? Эстет А. Сүлейменов, қазақи Қ. Жұмаділов, ұлт мұраты М. Мағауиндер өзіне керек, қажет, өздеріне жақын кейіпкерлерді тудыра алды ма? Зерттеуші еңбегі осындай сұрағы көп, жауабы жоқ жат жоталарға аяқ бастырады, санаға құрық лақтырады.

Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп еңбегі – салыстырмалы әдебиеттанудың озған өрнегі. Салыстырмалы әдебиеттануға бұған дейін советтік ғылым әдейі жол бермей, жөнсіз бүркеп келген сала болатын. Бұл Абай мен Мәшһүр-Жүсіп жолдарын салыстырғанда байқалады.

«Абай тәрзіді Мәшһүр-Жүсіптің де сөз зергері екенін айқындай түсу үшін, екі ақынның «нәпсі» хақындағы сақтандыруларына салыстыра үңілейік:

1 Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,

Лапылдық көрсеқызар нәпсіге ерме!

Әйел жақсы болмайды көркіменен
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме! (Абай, 60 б.)
2 Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ. (Мәшһүр-Жүсіп, 93 б.).

Абайда нәпсі алдамшылдығын ашу үшін, белгілі бір қызу, ыстықтық сипатын ашарлық белгі «лапылдақ» көріктеуіш (эпитет) шебер пайдаланылған. Ал, Мәшһүр-Жүсіп дерексіз ұғым нәпсіні жан иесіне айналдырып, оны жаяу қылуды шарт етеді. Жаяу жүру мен атқа мінудің қайсысы баяу, қайсысы тез қозғалу белгісі екені мал баққан қазаққа етене таныс көрініс десек, Мәшһүр-Жүсіптің тағы да ұлттық өрнекті кәдеге жарату шеберлігін көреміз. Ал, атқа мінген күннің өзінде оны жортқызып, желгізбеу мәселесі қойылуы да ақынның белгілі бір әрекетті дамытып бере біруін дәлелдейді. «Көңіл» сөзінің дерексіз екенін ескертсек те, оны жан иесіне айналдырып, көз соңынан жүргізбеуді айту да шарттылық пен жандандыру арқылы жүзеге асады. Себебі көз де, көңіл де бір адамға тән болғандықтан, сөзбе-сөз түсіндіріп, алдымен көз, соңынан көңіл жүреді дей алмаймыз ғой. Мұның бәрі екі ақынның да әр сөзге, сөз тіркесіне ерекше мән бергенін, шағын детальға шалқар шындық сыйғызу шеберлігін дәлелдесе керек» [8, 3–10].

Зерттеу аталмыш монографиядағы 331–332 беттерде «темір» сөзінен М. Дулатов, М. Жұмабаев, сегізі Сері, Н. Наушабаев, С. Торайғыров, Үмбетей ақын, А. Байтұрсынов, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ж. Жабаев, С. Сейфуллин жырларында қандай мағына, қандай өрнекте қолданырын соншалық жіті, құтқармас көз, шын шеберлікпен зерттейді. Әр ақында темір сөзінің қандай, шырай, сәуле алатынына жете үңіледі. Ғалым еңбегі қазақ сөзінің шын жоқшысы, іздеушісі, екенін сендіре таңдай қақтырады. Әлем әдебиеттануындағы Дж. Фрезер секілді ерен еңбектің ерекше үлгісі – Қ. П. Мәшһүр- Жүсіп зерттеулері біздің бағасыз байлығымыз.

Қазіргі, кейінгі, тәуелсіздік кезеңі лирикасын талдауда біз Қ. Мәшһүр-Жүсіп талдауларын негізге аламыз [3, 100–104]. Қуандық Пазылұлы қазақ лирикасындағы стиль мен бейнелілікті талдау кезінде әдебиеттің өнер екендігін, әдебиеттің белгілі бір заңдылықтарға бағынатын өз теориясы бар ғылыми жүйе екендігін де нақты анықтап көрсетеді.

Ғалымның қазақ лирикасына қатысты зерттеулерін келесі топтарға жіктеуге болады.

1 Қазақ лирикасының тектік белгілерін анықтау: лирикалық кейіпкер сипаттары және ақындық (өмірбаяндық, мінез, шыққан тегі, қоғамдық, саяси ұстанымдары т.б.) ерекшеліктер.

2 Қазақ лирикасындағы әр кезең белгілерін көрсету.

- 3 Қоғамдық өзгерістер және лирикалық кейіпкер бейнесі.
- 4 Ақын лабораториясындағы бейнелілік пен стиль.
- 5 Лирикадағы дәстүр жалғастығы және ой сабақтастығы.
- 6 Қазақ лирикасындағы тақырып пен идеяның берілуі және оның қоғаммен қатынастары.

Қорытынды

Ғалымның қазақ әдебиетіндегі лирикаға арналған зерттеулерінің әр тобынан терең талдаулар мен маңызы зор ойларды табарымыз анық. Бұл зерттеулер бізге қазіргі әдебиеттанудың теориясын жасауға ғана емес, оны оқыту, талдау арқылы тарату, насихаттау сияқты – бүгінгі қоғам үшін өзекті тұсқа қажет екені белгілі.

Қ. Мәшһүр-Жүсіп зерттеулерінде қазақ лирикасындағы кейіпкер бейнесі, бейнелілік пен стиль – жалпы әдебиеттің көркемдік тәсілі ретінде тұтас панорама болып зерттелуімен өзгеше. Ғалым еңбектері қазақ әдебиетіндегі әр ақынның халықтық үнін танып, ұлттық өрнегімен аша алуымен мәнді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Дмитриев, И. С.** «Союз ума и фурий»: ученые в эпоху французской революции [Текст] // В журнале: Новое литературное обозрение № 73 (3), 2005. С. 447
- 2 **Лосев, А. Ф.** Философия имени М. Мәскеу университеті баспасы. 1990. – С. 215.
- 3 **Мәшһүр-Жүсіп, Қ.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Монография. Павлодар университеті 1999. – 382 б.
- 4 **Елікпаев, С. Т., Қапасова, Б. Қ.** Қазақ әдебиеті. 5–9 – сыныптар. Қосымша оқу құралы. – Арман – ПВ, 2016. – 120 б.
- 5 **Жүсіп, Қ. П.** Өлең – сөздің патшасы: Зерттеулер. – Алматы, 1991. – 216 б.
- 6 **Жүсіп, Қ. П.** Көркем сөздің күдіреті – Павлодар, 2000. – 288 б.
- 7 **Жүсіп, Қ. П.** Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. – Павлодар, 2003. – 254 б.
- 8 Абай және Мәшһүр-Жүсіп [Текст] //»Абай шығармалары және қазіргі гуманитарлық» атты республикалық конференция материалдар жинағы, – Нұр-Сұлтан: «Арда+7» баспасы, 2020. – 352
- 9 **Елікпаев, С. Т., Қапасова, Б. Қ.** Қазақ әдебиеті. Қосымша оқу құралы. – Арман – ПВ, 2016. – 132 б.
- 10 **Елікпаев, С. Т., Қапасова, Б. Қ.** Қазақ әдебиеті. Отбасылық әдебиеті. – Арман – ПВ, 2016. – 125 б.

References

- 1 **Dmitriev, I. S.** «Союзъ ума и фѳри»: ѳchenye v epohѳ fransѳzskoѳ revolѳsѳ. [Dmitriev I. S. «Union of minds and Furies»: learning in the era of the French Revolution] [Text] // in the journal : New Literary Review No. 73 (3), 2005. P. 447.
- 2 **Losev, A. F.** Filosofia imeni. [Losev A. F. Philosophy imeni]. – M. Moscow University Publishing House. 1990. P. 215.
- 3 **Máshhúr-Júsip Q.** Qazaq hırkasındaғы stıl jáne beinelilik. [Mashhur-Zhusup K. style and imagery in Kazakh lyrics]. Monograph. Pavlodar University 1999. – 382 p.
- 4 **Elikpaev, S. T., Qapasova, B. Q.** Qazaq ádebieti. 5–9 – synypтар. Qosymsha oqý quraly. [Elikpaev S. T., Kapasova B. K. Kazakh literature]. Additional training manual. – Dream-PV, 2016 – 120 p.
- 5 **Júsip, Q. P.** Óleń – sózdiń patshasy. [Joseph K. P. Verse is the king of the word: studies]. – Almaty, 1991. – 216 p.
- 6 **Júsip, Q. P.** Kórkem sózdiń qudireti. [Zhusup K. P. The power of the artistic word]. – Pavlodar, 2000. – 288 p.
- 7 **Júsip, Q. P.** Mektepte qazaq ádebietin oqytý. [Zhusup K. P. Teaching Kazakh literature at school]. – Pavlodar, 2003. – 254 p.
- 8 Abai jáne Máshhúr-Júsip [Tekst] // «Abai shyǵarmalary jáne qazirgi gýmanitarlyq» atty respýblikalyq konferensia materialdar jnaǵy. [Abay and Mashhur-Zhusup [text] // collection of materials of the Republican Conference «works of Abay and modern humanities»]. – Nur-Sultan: publishing house Arda+7, 2020. – 3527.
- 9 **Elikpaev, S. T., Qapasova, B. Q.** Qazaq ádebieti. [Elikpayev S. T., Kapasova B. K. Kazakh literature]. Additional training manual. – Arman-PV, 2016. – 132 p.
- 10 **Elikpaev, S. T., Qapasova, B. Q.** Qazaq ádebieti. [Elikpaev S. T., Kapasova B. K. Kazakh literature]. Family literature. – Arman-PV, 2016. – 125 p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

С. Т. Еликпаев, Б. К. Капасова

**Независимое национальное исследование и видение в трудах
К. П. Машхур-Жусупа**

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 10.12.20.

S. T. Yelikpaev, B. K. Kapasova

Independent national research and vision in the works of K. P. Mashhur-Zhusup

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 10.12.20.

В статье проанализированы научные труды выдающегося исследователя казахской литературоведения, доктора филологических наук, профессора Маихур-Жусупа Куандыка Пазылуды. Основные черты трудов ученого раскрывают художественность в казахской лирике. При этом следует принимать во внимание исследования казахской литературоведческой науки после 1960-х годов. Хотя основа родовых признаков богатой казахской лирики была уточнена, необходимость исследований в научных размышлениях и взглядах на художественные свойства была очевидна в период после шестидесятих годов двадцатого века. В научных трудах Куандыка Пазылуды была систематизирована теория об особенностях художественного образа и стиля в казахской лирике.

В статье речь идет о отдельных исследованиях ученого в казахской лирике. В частности, одним из наиболее интересных трудов ученого является монография «стиль и образность в Казахской лирике». Это больше, чем труд, изучающий в интересах нации лирику – отдельное наследие казахской литературы после семидесятилетней политики. В исследовании впервые проанализированы произведения Магжана Жумабаева, Шакарима Кудайбердиевича, реабилитированные в декабре 1989 года, произведения Маихур-Жусупа Копейулы, не привлекающие внимания к анализу литературы, произведения Сакена Сейфуллина, Ильяса Жансугурова, Беимбета Майлина рассматриваются в контексте независимой литературы с точки зрения исследователя егемен ел. В казахской лирике раскрывается взаимосвязь метода и подхода. Выявляет создание художественного образа в литературе, бесплатно. В этой связи особое внимание уделяется преемственности традиций и преемственности мысли. Это через жанр лирики в казахской литературе начала 20-го века, когда произведения этого периода.

Ключевые слова: ученый, научный труд, литература, лирика, образность, стиль, художественность, стихотворение, период, специфика.

The article analyzes the scientific works of the outstanding researcher of Kazakh literature, doctor of Philology, professor Mashhur-Zhusup Kuandyk Pazyluly. The main features of the scientist's works reveal the artistry in the Kazakh lyrics. At the same time, it is necessary to take into account the research of the Kazakh literary science after the 1960s. Although the basis of the generic characteristics of rich Kazakh lyrics was clarified, the need for research in scientific reflections and views on artistic properties was obvious in the period after the sixties of the twentieth century. In the scientific works of Kuandyk Pazyluly, the theory about the features of the artistic image and style in Kazakh lyrics was systematized.

In this article we are talking about the individual research scientist at the Kazakh lyrics. In particular, one of the most interesting works of the scientist is the monograph «style and imagery in Kazakh lyrics». This is more than a work that studies lyrics in the interests of the nation – a separate legacy of Kazakh literature after seventy years of politics. The study first analyzes the works of Magzhan Zhumabayev, Shakarim Kudaiberdievich, rehabilitated in December 1989, the works of Mashhur-Zhusup Kopeyuly, which do not attract attention to the analysis of literature, the works of Saken Seifullin, Ilyas Zhansugurov, Beimbet Mailin are considered in the context of independent literature from the point of view of the researcher Egemen El. Kazakh lyrics reveal the relationship between method and approach. Identifies the creation of an artistic image in literature, free of charge. In this regard, special attention is paid to the continuity of traditions and continuity of thought. This is through the genre of lyrics in Kazakh literature of the early 20th century, when the works of this period.

Keywords: scientist, scientific work, literature, lyrics, imagery, style, artistry, poem, period, specificity.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz